



Автор: Мустафина Гулжанат Калкамановна

Пән: Химия

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Химиялық элементтердің периодтық кестесі

Тақырып: Периодтық кестенің құрылымы

Периодтық кестенің құрылымы	• Периодтық кестенің құрылымын біледі және сипаттайды; • Периодтық кестеден топтар мен периодтарды ажыратады
-----------------------------	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5-7 мин)	Оқушыларды «Шаттық шеңберіне» тұрғызып, «Лотерея билеті» әдісі арқылы топқа бөлінеді. Топтың атаулары жаңа сабақта кездесетін термин сөздермен жазылады. 1топ «Период» 2топ «Сілтілік металдар» 3топ «Галогендер» 4топ «Ауыспалы металдар» Ширату мақсатында «Сұрақ менен, жауап сенен» «Доп лақтыру» әдісі арқылы допты жеке-жеке оқушыларға лақтыра отырып, «Мотивациялық сұрақтар» қою арқылы жаңа сабаққа көшемін. -Металдар мен бейметалдардың қандай айырмашылығы бар? -Периодтық заңды алғаш ұсынған ғалым? -Қазіргі таңда неше химиялық элемент белгілі? -Неліктен Ньюлендстің октавалар заңы периодтық жүйені құруда дәл болмады? -Триада дегеніміз не? Оны қай ғалым ұсынды? Оқушыларды сабақ тақырыбы мен оқу мақсатымен таныстырамын. ҚБ. Оқушыларды «қол шапалақтау » әдісі арқылы бағалаймын.	Үстелдерге топ аттары жазылған ақ қағаздар, доп, лотерея салынған табақша

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (30-33 мин)	Оқушыларға тақырыпқа қатысты оқулықтан тыс мәтін беріледі. Сол мәтінді пайдана отырып БББ кестесін толтырады. Білемін Білгім келеді Білдім Кестені пайдаланып оқушыларға нені білемін? не білгім келеді? бөлімін талқылатып, топпен жұмыстануға тапсырма беріледі. ТЖ : Оқулықпен жұмыс «Джигсо» әдісі арқылы жұмыстанады. Топтың ішінде оқушылар А В С Д Е деп бөлісіп әрбір оқушы мұғалім рөліне еніп, басқа топ мүшелеріне берілген тапсырмаларын түсіндіреді. Барлығы түсіндіріп, орындарына қайтіп келіп, өзара талқылайды. Кері байланыс орнату. 1) Топта жұмыс істеу ұнады ма? 2) Өзге топтың бақылау нәтижелерімен келісесіздер ме? Неліктен? Б. Топтар бір-бірін «смайликтер» арқылы бағалайды. Әрбір оқушының қолында смайликтердің түрлері болады. Бағалау критерийі: - өте жақсы тапсырма нақты жүйелі түсіндірілсе; -жақсы тапсырма жүйелі бірақ толықтыруды қажет етеді -орташа әліде жұмыстануды қажет етеді Барлық оқушыларға: Тапсырма №1 С. Сәйкестендір: ЭлементтерҚасиеттері Натрий Хлор Бром Гелий Темір Сутек сынап Металл Инертті газЖеңіл газ Сұйық металл Сұйық бейметалл Галоген Сілтілік металлДескриптор - Элементтердің қасиеттерін сипаттап ажыратады; ҚБ«Бағдаршам» әдісі Бағалау критерийі :Берілген суреттерді қасиеттерінеқарай жіктейді. Жауаптарын (іс-әрекеттерін) нақтылайды. Орташа жақсыөте жақсы Дайын үлгі жауап арқылы ұжымның өзара кретириалдыбағалауы жүзеге асырылады. Ж. Тапсырма№2 Сұрақтарға жауап беріңіз: 1.Элементтер қатарында Si →P → S → Cl A) бейметалдық қасиет артады B)атомдағы протон саны төмендейді C) атомдарда электрон қабатының саныартады D) атомдардың жоғары оксидтерінің тотығу дәрежелерітөмендейді 2. Металдық қасиет мына қатарда өседі: A) Ca – Mg – Be B) Ca –Sr – Rb C) Al – Mg – Be D) Ba – Na – Li Дескриптор Білім алушы – кішіпериодтарда ядро зарядының мәні артқан сайын қай белгінің артатынынкөрсетеді; – металдық қасиет өскен элементтер қатарын анықтайды;Тапсырма №3 Оқушылардың басым бөлігіне және кейбір оқушыларға:Периодтық жүйенің берілген сұлбасына: а) период және топ нөмірлерін; ә)сутек, оттег, гелий, азот, фтор, хлор, аргон, неон, криптон, ксенон жәнерадон газдарын түзетін элементтерді; б) сынап және бром сұйықтықтарын түзетін эле менттерді; в) темір, мыс, хром, вольфрам қатты заттарын түзетін элементтерді көрсетіндер. г) элементтердің адам өміріндегі маңызын сипаттаңдар. Дескриптор -период және топ нөмірлерін анықтап орналастырады; - қасиеттеріне байланысты газ, сұйық, қатты заттарды түзетін элементтерді ажыратады; Элементтердің адам өміріндегі маңызын сипаттайды. Сабақтың соңында оқушылардың дәптерлерін жинап алып кері байланыс жазылады.	Периодтық кестенің сызбанұсқасы
Сабақтың соңы (5 мин)	Кері байланыс. БББ кестесіне оқушылар не білдім? бөлімін талқылап, топтар өзара пікірлерімен бөлісіп, кестені толтырады. Оқушылардың жеке пікірі тыңдалады. Кері байланыс барысында оқушылардан рефлексияда алынады.	БББ кестесі